

Диірментөбе ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі N 214 шешімі және Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі N 519 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 қазанда N 4784 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасының Жер Кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 108-бабының 5-тармағына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Диірментөбе ауылының шекарасы (шегі) жерлердің экспликациясы бойынша жалпы көлемі 100 гектар болып белгіленсін.

2. Осы қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<p>Қармақшы ауданының әкімі Қармақшы аудандық мәслихатының кезекті 32-сессия төрағасы Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы</p>	<p>Н.Шамұратов С.Жолымбетов М.Наятұлы</p>
	<p>Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы « 24 » қыркүйектегі № 519 қаулысына және Қармақшы аудандық мәслихатының 2014 жылғы « 24 » қыркүйектегі № 214 шешіміне қосымша</p>

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті Диірментөбе ауылы жерлерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	Оның ішінде (гектар):		Басқа да жерлер
			Ауыл шаруашылығы алқаптары егістік	жайылым	

1	Диірментөбе ауылының шекарасы (шегі)	100	-	72	28
---	---------------------------------------	-----	---	----	----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК